# Еуразиялық экономикалық одақ Сотының және Еуразиялық экономикалық комиссияның қаржы-шаруашылық қызметіне ревизия жүргізу туралы

Еуразиялық Үкіметаралық Кеңестің 2018 жылғы 27 қарашадағы № 21 Өкімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 16-бабының 6-тармағына сәйкес:

1. 2019 жылғы 13 мамырдан бастап 28 мамырға дейінгі аралықта Еуразиялық экономикалық одақ Сотының және 2019 жылғы 29 мамырдан бастап 14 маусымға дейінгі аралықта Еуразиялық экономикалық комиссияның 2015-2017 жылдар ішіндегі қаржы-шаруашылық қызметіне ревизия жүргізілсін.

2. Ревизиялық топтың мына құрамы бекітілсін:

Армения Республикасынан:

| | |
|---|---|
| **Элоян<br>Давид Аркадиевич** | **Армения Республикасы Қаржы министрлігі аппаратының Қаржы-бюджет инспекциясы басқармасының 4-ші бөлімінің бастығы (ревизиялық топтың төрағасы)** |
| Оганнисян<br>Ваган Вардгесович | Армения Республикасы Қаржы министрлігі аппаратының Қаржы-бюджет инспекциясы басқармасының 2-ші бөлімінің бас бақылаушысы |

Беларусь Республикасынан:

| | |
|---|---|
| **Главинская<br>Наталья Петровна** | **Беларусь Республикасы Қаржы министрлігі Бақылау-ревизия бас басқармасының бюджеттік қаражаттарды пайдалануды қаржылық бақылау басқармасының бас бақылаушы-ревизоры ( Еуразиялық экономикалық одақ Сотында ревизия жүргізу жөніндегі ревизиялық топтың құрамында)** |
| Иванов<br>Григорий Викторович | Беларусь Республикасы Қаржы министрлігі Бақылау-ревизия бас басқармасының бюджеттік қаражаттарды пайдалануды қаржылық бақылау басқармасы бастығының орынбасары (Еуразиялық экономикалық комиссияда ревизия жүргізу жөніндегі ревизиялық топтың құрамында) |

Қазақстан Республикасынан:

| | |
|---|---|
| **Юсупов<br>Ақылбек Өмірбекұлы** | **Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің мемлекеттік аудиторы - бас сарапшы (Еуразиялық экономикалық одақ Сотында ревизия жүргізу жөніндегі ревизиялық топтың құрамында)** |
| Кәрменов<br>Ерлан Мұқанұлы | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің мемлекеттік аудиторы - бас сарапшы (Еуразиялық экономикалық комиссияда ревизия жүргізу жөніндегі ревизиялық топтың құрамында) |

Қырғыз Республикасынан:

| | |
|---|---|
| **Кадыров<br>Дурусбек Жаныбаевич** | **Қырғыз Республикасы Қаржы министрлігінің ішкі аудит бөлімінің меңгерушісі** |

Ресей Федерациясынан:

| | |
|---|---|
| **Морозова<br>Яна Рихардовна** | **Федералдық қазынашылықтың Әлеуметтік саладағы , бюджетаралық қатынастар және әлеуметтік сақтандыру саласындағы бақылау-ревизия басқармасының Әлеуметтік саладағы және ғылымдағы бақылау-ревизия бөлімінің бастығы.** |

3. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Армения Республикасынан** | **Беларусь Республикасынан** | **Қазақстан Республикасынан** | **Қырғыз Республикасынан** | **Ресей Федерациясынан** |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК